

Қ.К. Кенжалин^{1*}, Ә.Қ. Таңсықбай¹, Б.Р. Құлжанова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kenkk@mail.ru

АУҒАН ЖЕРІНДЕГІ ЛАМҒАН АТАУЫНЫҢ ТАРИХИ-ТІЛДІК НЕГІЗІ

Топонимдер салыстырмалы түрде алғанда лексиканың тұрақты лексикалық қабатына жатқызылады. Әрбір жер-су атауы өзінің бойында ұлттың өзіндік болмысын құрайтын тіл, діл, дінге қатысты аса құнды деректерді ұзақ уақыт сақтайды. Бұл атаулар ұлттардың пайда болуының, гүлденуінің, құлдырап жойылуының куәгері болады және тарих беттерінде ұлт атауына ілесіп жүреді. Белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасқан жер-су атауы көп жағдайда өз атаушысынан ұзақ өмір сүреді. Бұл себепті кез-келген топонимді алып қарастырсақ, түбінде қандай да бір ұлтқа қатысты мәліметке қол жеткіземіз. Осындай құбылыстың табиғатын тану мақсатында Ламған топонимі алынған. Ламған яки Лағман – қазіргі Ауғанстан құрамындағы уәлаят. «Ламған» сөзінің шығу тегі мен жалпы мағынасын анықтау үшін түрлі тілдік-тарихи дерек көздері пайдаланылды. Негізгі зерттеу материалы ретінде XVI ғ. ортағасырлық түркі тілінде жазылған «Бабырнама» жазба ескерткіші қарастырылады. Орта Азия, Ауғанстан, Үндістан жерлерін билеген Захириддин Мұхаммед Бабырдың естеліктерін дерек көз ретінде таңдаудың басты себебі – топонимикалық мәліметтерге бай болуында. Ең алғаш аталған еңбекте берілген және кейін танымалдыққа ие болған этимологиялық болжам бойынша, Ламған топонимі Нұх пайғамбардың әкесі Лам / Ламак / Ламкан есіміне байланысты қойылған. Алайда зерттеу нәтижесінде бұның халықтық этимология екені анықталды. Шын мәнісінде жер атауы оны мекендеген ламба / лампака жұртының атауынан шыққан. Тайпаның өзі әлсіреп, қазіргі заманға дейін ұлт болып жетпесе де, туған мекенінің атауы тайпа есімін тарихта сақтап қалған. Лингвистикалық факторлардан гөрі эксталингвистикалық факторлар әсерінен семантикалық өзгеріске ұшыраса да, талдау нәтижесінде бұл өзгерісті анықтауға болады. Бұл мысал қазірде бар жер-су атауларын зерттеуге, түзетуге септігін тигізеді деп сенеміз.

Түйін сөздер: Ламған, Бабырнама, Бабыр, топоним, этимология.

K.K. Kenzhalin^{1*}, A.K. Tangsykbai¹, B.R. Kulzhanova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

²Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

* e-mail: kenkk@mail.ru

Historical and linguistic basis of the name Lamghan in Afghanistan

Toponyms belong to a relatively stable lexical layer of vocabulary, so it retains information about the language, mentality, and religion that make up the identity of a nation longer. In most cases, toponyms formed during a certain historical period outlive their creators. For this reason, each toponym, when examined in detail, provides information related to a particular people. In order to recognize the nature of such a phenomenon, the toponym Lamghan was taken. Lamghan or Laghman is a province of modern Afghanistan. Various linguistic and historical sources have been used to determine the etymology of "Lamghan". The autobiography of Zakhiriddin Muhammad Babur "Baburname", written in the medieval Turkic language in the 16th century, was taken as a basis, as it is rich in toponymic information. According to the etymological assumption, first stated in this work and subsequently gaining popularity: the toponym Lamghan is associated with the name Lam / Lamak / Lamkan, the father of the prophet Noah. As a result of the study, it turned out that this version is a folk etymology. In fact, the name of this place retains the names of its inhabitants – the Lamba / Lampaka people. The semantic change is no longer caused by linguistic, but by extralinguistic factors, which was revealed as a result of the analysis. This history of one toponym can serve as an example for further study of existing toponyms, as well as their correction.

Key words: Lamghan, Baburname, Babur, toponym, etymology.

К.К. Кенжалин^{1*}, А.К. Тансықбай¹, Б.Р. Кулжанова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

* e-mail: kenkk@mail.ru

Историко-языковая основа названия Ламган в Афганистане

Топонимы относятся к относительно устойчивому лексическому пласту лексики. Каждый топоним хранит в себе ценные данные, связанные с языком, менталитетом, религией, которые с давних времен составляют идентичность нации. Эти имена являются свидетелями возникновения, процветания, упадка и разрушения народов и следуют за именем народа на страницах истории. В большинстве случаев топонимы, сложившееся в определенный исторический период, переживает своих создателей. По этой причине, каждый топоним при детальном рассмотрении предоставляет информацию, относящуюся к какому-то народу. Для того чтобы распознать природу такого явления, был взят топоним Ламган. Ламган или Лагман – провинция современного Афганистана. Для определения происхождения и общего значения слова «Ламган» использовались различные лингвистические и исторические источники. Основным материалом исследования был выбран «Бабурнаме», написанный на средневековом тюркском языке в XVI веке. Основной причиной выбора мемуара Захириддина Мухаммада Бабура, правившего землями Средней Азии, Афганистана и Индии, является то, что они богаты топонимическими сведениями. Согласно этимологическому предположению, впервые изложенному в указанном труде и впоследствии получившему популярность: топоним Ламган связан с именем Лам / Ламак / Ламкан, отца пророка Ноя. Однако в результате исследования выяснилось, что данная версия является народной этимологией. На самом деле название этого места происходит от имени народа ламба / лампака, который когда-то там проживал. Хотя само племя ослабело и не стало нацией до нового времени, название местности сохранило историю племени. Семантическое изменение вызвано больше не лингвистическими, а экстралингвистическими факторами, и это изменение можно обнаружить в результате анализа. Данная история одного названия может послужить примером для дальнейших исследований существующих топонимов, а также их исправления.

Ключевые слова: Ламган, Бабурнаме, Бабур, топоним, этимология.

Кіріспе

Ежелгі дәуірге тән көне онимдердің мағынасы мен шығу тегі бүгінгі күнде көпшілікке беймәлім және түсініксіз болып отыр. Осыған орай, олардың этимологиясын анықтап, ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеу ерекше маңызға ие. Бұл күрделі және өзекті мәселе тек тіл мамандарын ғана емес, сонымен қатар әдебиетшілерді, тарихшыларды, этнографтарды және географтарды да қызықтырып, оларды терең зерттеулер жүргізуге ынталандыруда.

Географиялық атаулар белгілі бір тарихи кезеңдерде қалыптасады және ғылым үшін тарихи оқиғалардың хронологиялық айғағы ретінде қызмет етеді. Белгілі бір тарихи оқиғалар мен үдерістерге байланысты уақыт өте келе топонимдердің сыртқы келбеті мен мазмұны өзгереді. Соғыстар, халықтардың көші-қоны, этникалық байланыстар топонимикада өз ізін қалдырып, атаулардың дамуына әсер етеді.

Кез келген аймақтың топонимиялық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасады және ол аймақтың табиғи жағдайларын, сол жерді мекендеген халықтың көне және қазіргі тарихын бойында сақтайды. Бұл жүйе ұлттың материалдық және

рухани мәдениетінен көрініс беретін көптеген ерекше географиялық атаулардың кешені болып табылады. Аймақтық топонимдер жиынтығы белгілі бір топонимиялық жүйені құрайды, себебі топонимдер өзара және тілдегі, тілден тыс (экстралингвистикалық) факторлармен күрделі диалектикалық қатынастарда болады және сол қатынастар негізінде жүйе ретінде қалыптасады. Басқаша айтқанда, аймақтық топонимиялық жүйенің қалыптасуында қоршаған ортаның физика-географиялық жағдайы, сол өлкені көне замандардан бері мекендеген халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы сияқты алғышарттар маңызды рөл атқарады.

Әрбір тарихи дәуір өзіндік географиялық атаулармен ерекшеленеді. Топонимдер белгілі бір тарихи жағдайларда пайда болып, олардың шығу тегі сол аймақтарды мекендеген халықтардың әлеуметтік өмірімен, мәдениетімен және тілдерімен тығыз байланыста болады. Сондықтан да топонимиканы зерттеу арқылы біз өткен дәуірлердің тарихи, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін тереңірек түсіне аламыз.

Әр халықтың дүниетанымында мифтер, аңыздар ерекше рөл атқарады. Көптеген мифологиялық бейнелер уақыт өте келе тілде жо-

ғалып, ал кейбіреулері аңыздар мен хикаяларда сақталып қалған болса, кейбіреулері географиялық объектілердің атаулары ретінде бекіген. Топонимикалық аңыздар – елді мекендердің немесе басқа географиялық объектілердің атауларының шығу тегін түсіндіретін жанр. Бұл жанрдың элементтері орғасырлық түркі тілінде (XV-XVI ғ.) жазылған Захириддин Мұхаммед Бабырдың естеліктерінде кездесіп отырады. Өзінің аяғы басқан жерлерді (Орталық Азия, Ауғанстан және Үндістан) тілдік бейнелеу барысында көптеген жер-су атауларын қолданып қана қоймай, олардың мағыналарын, шығу тегін де көрсетіп отырады. «Бабырнаманың» топонимика үшін құнды дерек көзі екенін мәтінде тіркелген топонимдер саны айғақтады: Х. Хасанов, Р. Расуловтың есептегені бойынша – 1000-ға жуық (Hasanov, 1983: 62; Rasulov, 2000: 44), Т.Нафасов – 1100-ден астам (Нафасов, 2000: 39), Х. Давурова – 1034 елді мекен атауы (Давурова, 2020: 48). «Бабырнаманы» ағылшын тіліне аударған У. Тэкстон мәтін соңында 908 топонимнен тұратын тізімді келтіреді (Babur, 1993: 882-895). Мыңнан аса терминдердің арасында оқырман үшін түсініксіз болады дегендердің шығу тегін, орфографиялық нұсқаларын көрсетіп те отырған. Мәселен, Ташкент топонимі жайлы бұл деректі келтіреді: «Tāškand <...> kitāblarda “Šās” bitirlār, ba‘zı “Čāč” bitirlār kim kamān-i čāčī andın `ibārat tur» = «Ташкент кітаптарда «Шаш», кейбір жерде «Чач» деп жазылған. Чачи (ташкенттік) жебесі бұдан шыққан». Ташкент қаласының шеберлері қару, оқ дайындаумен атакты болған. Бабыр осылайша қандай қаланың немен танымал екенін жазып отырады. Осындай тілдік деректердің тіл білімі, тарих, мәдениеттану үшін маңызы зор, себебі олар аталған өлке және оны мекендеген халықтың тұрмыс-тіршілігі жайлы құнды мағлұмат береді.

«Бабырнамада» топонимдердің кітаптарда қалай таңбаланғаны жайлы ақпараттан бөлек, олардың аталу уәжі ел аузында жүрген деректерді келтіре отыра түсіндіріледі. Мәселен, Ферғана уәлаятында орналсақан Хадервиш (Хадәруиш) аймағы жайлы Бабыр былай дейді: «Derlār kim bir nečā Darveš bu bādiyada tund yelgā yoluqur birbirini tapa almay, “Nāy Darveš, hā Darveš” dey dey tamām halāk bolurlar. Andın bāri bu bādiyān Nā-Darveš derlār» (Babur, 1993: 9) = «Дейді екен: бірнеше дәруиш бұл бәдида қатты желге жолығып, бірін-бірі таба алмай: «Хай, дәруиш, ха дәруиш» дей-дей тәмам жазым болды. Содан бері бұл бәдияны Хадервиш дейді». Халықтық этимологиядан басқа бұл мекеннің неліктен олай

аталғаны жайлы мәлімет ғылымда жоқ. Жер-су атауларын түсіндіруде ғылыми болжам әртүрлі тілдер арасындағы сәйкестіктерге негізделсе, халықтық болжам қандай-да бір сыртқы ассоциациялар негізінде жасалады. «Бабырнама» сияқты тарихи жазбаларда берілген этимологиялық болжамдарды ғылыми этимология санатына көшіру үшін оларға тілдік, тарихи талдаулар жүргізу қажет.

«Бабырнамада» шығу тегі түсіндірілген топонимдердің бірі – қазіргі Ауғанстанда орналасқан Ламған жерінің атауы: «Ağarči Lamğānning beš tūmānidin bir tūmāni Nīknaḥār dur, valī Lamğānātı ol üč tūmāngā iḥlāq qılurlar. Ol üč tūmāndin biri ‘Alīšang tūmāni dūr. Šimālida Hindūkuš tağıǵa payvasta qarlıǵ uluǵ berk tağlar dur. Bu tağ tamām Kāfiristān dur. ‘Alīšangǵa yavuvraq Kāfiristān Mīl dur. ‘Alīšang rūdı Mīldın çıqar. Ḥaḍrat-i Nūḥ payğambarning atası Mihtar Lāmning qabrı ‘Alīšang tūmānidā dūr. Ba‘zı tārixda Mihtar Lāmni “Lamak” va “Lamkān” ham deptūrlār. Ol elni xaylı mulāḥaza qılılıptur kim ba‘zı maḥall kāf ornıǵa ğayn talaffuz qılurlar. Bu jihatdın ğālibā bu vilāyatnı Lamğān deptūrlār» (Babur, 1993: 275) = «Ламғанның бес түменінің бірі Нинғанхар болғанымен, Ламғанатқа ол үш түменді жатқызады. Ол үш түменнің бірі Алишаң түмені. Солтүстігінде Хиндикуш тауымен шектесетін қарлы үлкен берік таулар жатыр. Бұл тау тәмам Кәпірстан (кәпір мекені – авт.). Алишаңға жуығырақ орналасқаны – кәпірлік Мил. Алишаң суы Милден шығады. Өзірет Нұх пайғамбардың әкесі Ұлы Ламның қабірі Алишаң түменінде орналасқан. Нәм кейбір жазбаларда Ұлы Ламды *Ламак*, *Ламкан* деп жазады. Бұл себепті көбісі бұл уәлаятты *Ламған* дейді». Бабыр және өзге де жазушылардың түсінігіндегі *кәпір* – мұсылман дінін қабылдамаған, діні мұсылманнан басқа адам, жұрт. Кәпірстан арасында Инжіл, Құран мәтіндерінде кездесетін *Ламех* (Ламак, Ламак т.б.) есіміне қатысты жер атауының бары қызығушылық тудырады. Нұх пайғамбардың әкесі жерленген мекенде қай халық тұрады, оның тілі, діні қандай сияқты сұрақтар туындайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу «Ламған» топонимі туралы мәліметті сақтаған жазба ескерткіштерге негізделген. Негізгі дерек көзі – «Бабырнама» атты ортағасырлық түркі тілінде жазылған прозалық еңбек.

Сонымен бірге мұрағат материалдары, аталған топоним туралы мәлімет беретін басқа да тарихи құжаттар қолданыс тапты.

Бабыр ұсынған «Ламған» топонимі < Лам / Ламак / Ламкан антропонимі» этимологиялық болжамын тексеру мақсатында салыстырмалы әдіс қолданылған. Бұл әдіс лексикалық элементтерді салыстырмалы түрде зерттеуді, әртүрлі тілдердегі ұқсас сөздермен салыстыруды және олардың тарихи дамуын зерттеуді қамтиды. Құрылымдық ерекшеліктерін анықтау үшін «Ламған» топониміне морфологиялық талдау жүргізілді. Сөз тұлғаларына, жалғау-жұрнақтарына назар аударылады.

Деректерді талдау «Бабырнамадағы» тілдік элементтерді «Ламған» топонимінің этимологиясы бойынша зерттеу деректерімен салыстыруды қамтиды. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау ұсынылған этимологиялық нұсқаға қатысты нақты қорытынды жасауға көмектеседі.

Әдебиеттерге шолу

У. Хэннингтың көрсетуі бойынша, *Laghmān* (оған бұрын *Lamḡān*) – Кабул өзенінің сол жағалауының солтүстігінде, Желалабадтан жоғарылау орналасқан ауданның атауы. Шығу тегін келесідей көрсетеді: *Lamḡān* = *Lambaḡān* < *Lampakāna*. Санскриттанушылар үшін бұл аймақ *Lampāka* (немесе *Lambāka*) ретінде таныс. Ғалымның пікірінше, топоним *lampra* / *lampra* атты тайпа атауына *-akān(a)* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған (Henning, 1949: 80). Э. Грантовский топонимнің негізінде этнонимнің жатқаны дау туғызбайтынын жазады (бұл дерек Птолемей жазуларымен расталады), ал атаудың екінші бөлігін *-akān(a)* жұрнағы емес, «қала», «мекен» мағыналы ирандық *kāna*, *kāni* топоформантымен байланыстырған дұрысырақ деп есептейді (Грантовский, 1963: 20). Яғни «ламған мекені», «ламғандардың қаласы». Ламғанға көрші тұрған Капишидың *Kāpisa-kani* деген нұсқасын мысалға келтіреді. Ал С. Қораев *Лагман* – *Ламған* топонимі парсы тіліндегі *лагм* «туннель», «көлденең жер асты жол» + *-ан* (көптік мәнді үстейтін жұрнақ) (Қораев, 2005: 130) дегеннен туындаған деп есептейді. Яғни Ламған «туннельдер», «жер асты жолдары».

Нәтижелер мен талқылау

Лагман نامغل – Ауғанстандағы уәлаяттарының бірі. Ұлы Жібек жолындағы сауда қаласы. Кейде *Ламған* / *Ламған* деп жазылады, дыбысталады. Лағман Ауғанстанның шығысындағы Кабул өзенінің орта жағында орналасқан. Бұл

Пальмира мен Үндістанды байланыстыратын маңызды қала болды. Александр Македонскийдің шығысқа жорығы кезінде бұл аймақ *Лампака* деп аталып жүрді, ал Сюань Цзан өз жазбасында *Ланбо*, Хэчо *Ланбо* түрінде хатқа түсірген (Jeong, 2016). М. Джулиен С. Цзандағы *Лан-по*, санскрит тіліндегі *Лампака* я *Лампага*, Птолемейдегі *Лампагае* деген атауларды мұсылмандар *Лагман* деп өз ыңғайына ауыстырғанына жазады (Julien, 1860: 113). А. Каннингем С. Цзан мен К. Птолемей және З. Бабырдың Ламғанға қатысты берген деректерін салыстыра отырып, келесідей тұжырым жасайды: «Птолемей де *ламбат* деп аталатын халықты дәл сол мекенде өмір сүрді деп көрсетеді. Бұл терминді қазіргі Ламған атауымен салыстыра отырып, бұл атаудың бастапқы түрі санскриттік *Лампака* болған сияқты деуге болады. Сондықтан мен Птолемейдің *Ламбатае* сөзін *Ламбатагае* деп түзетіп, «г» әрпін «т» әрпімен аздап ауыстырар едім. Қазіргі атауы – еріндік элизиясы арқылы жасалған Лампаканың транскрипциясы. Шығыста кең таралғандай, орта дауыссыз дыбыстардың жай ретке келтірілуіне байланысты *Ламған* деп те атайды. Діншіл мұсылмандар бұл атау өз бастауын әулие Ламехтен алады, оның қабірі Ламғанда сақталған деп санайды. Мұны Бабыр мен Әбіл Фазл байқаған» (Cunningham, 1871: 42-43). Осындай пікірді Птолемей еңбектерін қарастырған Маккриндлдің «Көне Үндістан» еңбегінде де кездестіре аламыз (McCrinkle, 1927: 107).

Бабыр алғашқылардың бірі болып Ламған жерінің атауын түсіндіреді: «Ḥaḡrat-i Nūḡ rayḡambarning atası Mihtar Lāmning qabri ‘Alīšang tūmānidā dūr. Ba‘zı tārīxda Mihtar Lāmni “Lamak” va “Lamkān” ham deptūrlār. Ol elni xaylī mulāḡaḡa qılılıptur kim ba‘zı maḡall kāf ornīḡa ḡayn talaffuḡ qılurlar. Bu jihatdın ḡālibā bu vilāyatni Lamḡān deptūrlār» (Babur, 1993: 275) = «Әзірет Нұх пайғамбардың әкесі Ұлы Ламның қабірі Алишаң түменінде орналасқан. Һәм кейбір жазбаларда Ұлы Ламды «Ламак» және «Ламкан» деп жазады. Бұл себепті көбісі бұл уәлаятты Ламған дейді». Бабырға дейін бұл мекен атауының мағынасы, аталу уәжі еш жерде қарастырылмаған. Кейін бұл мекен жайлы сөз қозғағандардың баршасы «Бабырнамаға» сүйенеді.

Аңыз бойынша, Ламех қабірі табылған қасиетті жердің орнына Михтарлам қаласы бой көтерді. Қазіргі уақытты Михтарлам Ламған ауданына қарасты қала.

«Бабырнама» ағылшын тіліне аударған У.Тэкстон Бабыр ұсынған болжамға күмән келтіреді: «*Лам*, *Ламак* және *Ламкан* – Инжілдегі

Нұхтың әкесі Ламек атының исламдық нұсқасы. *Мехтер* немесе *михтар* парсы тіліндегі «қожайын» (ақсақал) титулы. Сондай-ақ Бабыр заманынан бері *Ламган* атауының *Лагман* боп метатезаға ұшырағанына назар аударыңыз. Бабыр *Ламган* атауы *Ламканның* бір нұсқасы деп топшылайды. Бұл қате болса керек, өйткені аталған аудандағы көптеген топонимдердің құрамындағы *-ган* және *-қан* жалғаулары – ирандық» (Babur, 2002: 484). Аудармашының бұл пікірін С. Рушди қостайды (Babur, 2002: 7-8). Біздің пікірімізше, У. Тэкстон бірнеше факторларға назар аудармағандықтан қате пікірге келді. Ең алдымен, михатр сөзінің қолданылу аясы тек «қожайын», «ақсақал» мағынасымен шектелмейді – әулиелерге қатысты да қолданылады. Бұны «Бабырнамада» қолданылуынан-ақ («Ḥadrat-i Nūḥ rauḡambarniḡ atasi Mihtar Lām») аңғаруға болады. Екіншіден, Ламган мен Михтарлам топонимдерінің аталу, қолданылу тарихы да бірдей емес. Михтарлам атауы Ламган жеріне ислам келген соң пайда болған, ал *Ламган* атауы одан әлдеқайда бұрын пайда болған *Ламбака/Лампака*-ның өзгеріске ұшырауынан туындады. Соңғысы өз кезегінде аталған аймақта өмір сүрген *ламба*, *лампака* ұлт я тайпа атауынан шыққан. С. Қораев көрсеткен «*лагм* «туннель», «көлденең жер асты жол» + *-ан* (көптік мәнді үстейтін жұрнақ)» (Қораев, 2005: 130) болжамына қарағанда, санс. *lampaka / lambaka* атауына *-ан* көптік жұрнағының жалғануы арқылы жасалғаны ақиқатқа жақын. Яғни «лампалар», «ламбакалар» ретінде лампа мекенін білдіруі ықтимал: *Lampaka + an > Lampakaan/ Lampakan – Lamkan*. Ал топонимнің өзі хинди тілінде «биік», санскрит тілінде «перпендикуляр» мағыналы *lamba* сөзімен байланысты болуы мүмкін, себебі Ламган – таулы аймақ.

Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048 жж.) өзінің «Китаб тарих әл-Хинд» (Үндістан тарихы туралы кітап) еңбегінде Үнді аймағындағы өзендерді қарастыру барысында: «Каябиш еліне, бұл Кабул, жақын жатқан таулардан ағындары мол болғандықтан Горванд деп аталған өзен ағады. Оған Гузак асуының өзені; Парван қаласынан төмен орналасқан Панчхир шатқалының өзені. Оған Ланбага, яғни Ламган, қаласы арқылы өтетін Шарват пен Сава өзендері құяды» (Бируни, www.vostlit.info: 1), – деп жазады. Осы жердегі *Ланбага* – Александр Македонский заманындағы *Лампака* атауының фонетикалық нұсқасы.

Низами Арузи Самарқанди (XII ғ.) Ламган мен ламғандықтар жайлы былай жазады: «Ламган – Синд жеріндегі Фазни ауданына қарасты

қала. Қазіргі кезге дейін кәпірлерден тек тау қорғап тұр және халық кәпірлердің шапқыншыларынан қорқып, үнемі үрейде өмір сүреді. Ламғандықтар – тәуелсіз, пысық, тапқыр және шектес тыс зиянкес халық. Тіпті бір ман (38 кг.) сабан үшін я бір жұмыртқа үшін билеуші алдына келіп, бас июге дайын тұрады және қалаған нәрсесін алмайынша кетпейді. Болмашы нәрсе үшін Фазнаға барып шағым айтуды әдетке айналдырған» (Низами, 1963: 45-46). Бұл жерде аталған жұрттың таулы аймақта орналасқанына назар аударылған. Сондай-ақ ламбалар жайлы өзге де деректер олардың өздеріне тән тілі, ділі, діні, болмысы болғандығын растайды. Ламбалардың нақты қашан, қалай пайда болғандығы жайлы айту қиын.

Аталған мекен көп уақыт бойы Үндістанға тиесілі болған. Бабыр аталған аймақтағы тайпа-жұрттың тілдік ерекшеліктері барын айтады: «*Şarq-şimālī ŧarafıdaqı taḡlarda Kāfiristān dur, misl-i Kator va Gabarik. Janūbī Afḡanistān dur. On bir-on iki lafz bilā Kābul vilāyatıda talaffuz qılurlar: `Arabī, Fārsī, Turkī, Muḡūlī, Hindī, Afḡānī, Paşā ī, Paḡāçī, Gabarī, Barakī, Lamḡānī*» (Babur, 1993: 271) = «Солтүстік-батыс тарапындағы таулар кәпірлердің мекені. Мысалы, Катур, Гибрик. Оңтүстігінде Ауғанстан. Кабул уәлаятында он бір-он екі тілде сөйлейді: араб, парсы, түркі, моғол, үнді, ауған, пашаи, параж, габар, барак, ламған». Әрине, Бабырға дейін Ламғанның этникалық құрамы өзгеруі мүмкін, дегенмен көші-қон, ассимиляция және өзге де әлеуметтік құбылыстардың әсерінен ежелгі жұрттың түбегейлі жоқ боп кетуі мүмкін емес.

Ламган жерін мекен еткен халықтың атауы жазба деректерде түрліше беріледі: *ламба*, *ламаниши*, *ламба* (Dahiya, 1980: 127), *ламба* (Tugania, 2004: 58). Клавдий Птоломей (шамамен, б.з. 127-145 ж.) еңбегінде *ламбата* атты халық атауын кездестіруге болады (Птоломей, 2007: 23). Шығу тегі хинди тіліндегі «биік» мағыналы *ламба* тұлғасына байланысты (Khan, 2006: 299), сондай-ақ санскрит тілінде геометриялық термин ретінде «перпендикуляр» мағынасына ие (Williams, 1899: 897). VII ғасырда ғұмыр кешкен қытайлық қажы С. Цзян өз жазбаларында Лагманға барғаны жайлы деректі келтіргенде, оны *Лан-по* деп атайды. Ол заманда Ламган Үндістанның бір бөлігі деп саналды (Watters, 1904: 104). X ғасырда Лагман әлі де Үлкен Үнді әлемімен байланысты болды. С. Цзян Махаяна буддистерінің және көптеген үндістердің бар екенін айтады. Бұл тұста ол *ламба* сөзін қытай тіліне бейімдеп атаса керек. Б. Дахия бұл қауым

жайлы: «Үнділік әдебиеттерде оларды *лампака* немесе *лампа* деп атайды, ал «Гаруда-пуран»-да *ламба* түрінде тіркелген (Dahiya, 1980: 262). Бұл жұртты сақтармен байланыстырушылар да бар. Х. Скрин, Е. Росс: «Б.з.д. II ғасырға қарай Орта Азия аумағындағы сақ тайпалық одағы ыдырап, юэчжилердің шабуылынан кейін сақтардың бір бөлігі Үндістанға қарай бет алған» (Skrine, Ross, 2004: 34). Сондай-ақ кейбір ғалымдардың Үндістанға келген сақтарды үш топқа бөлетінін айта кеткен жөн: Орта Азия сақтары; Шыңжаңнан шыққан сақтар (хотандық сақтар, мурунд-сақтар немесе қытай деректеріндегі сай-уан) мен сақ-тиграхаудалар; Иран сақтары. С. Чаттопадхая Үндістанды мекендеген сақтар туралы сөз еткенде Ламған жерін де жеке алып қарастырады. Зерттеушінің пікірінше, осындағы мурунд сақтар қарастырылып жатқан Ламғанның (Лампака) тұрғындары – лампакаға сәйкес келуі мүмкін. Мурундарлар (сақтар) бұл жерді мекендеген, бірақ уақыт өте келе үнді халықтарымен сінісіп кетті деп есептейді (Chattopadhyaya, 1955: 12).

Б.з.б. VI ғасырдан бастап, Үндістанда көптеген тәуелсіз князьдықтар мен патшалықтар бой көтере бастады. Оңтүстік Азияның біршама бөлігі Чандрагуптаның басқаруымен, Маурья империясына бірікті. Империя Ашок патшаның тұсында гүлденді. Б.з.б. II ғасырдың басында Үндістанға (кейіннен Үнді субконтинентін құраған) Орталық Азияның патшалықтары, атап айтсақ: Үнді-грек, Үнді-скиф, Үнді-парфян және Кушандықтардың шабуылына тап болды.

Түркі әулеттерінің қазіргі Ауғанстан, Үндістандағы билігін зерттеу барысында Ф. Джуманиязова Ламған аймағын да атап өтеді: «Әртүрлі тілдегі дереккөздерде Тегіншах, Кабулшах, Шах немесе Түркшах деген атаулармен аталған әулеттің саяси өмірі 630-870 жылдар аралығын қамтиды. Бұл әулеттің саяси орталығы Кабулда болды, сонымен қатар Каписа, Гандхара, Пешавар, Удхабандапур, Уддияна (Сват) және Лампака (Ламған) сияқты аймақтар олардың билігінде болды. Бұл әулеттің тарихына қатысты көптеген зерттеулер жүргізілгеніне қарамастан, бұл мәселе бойынша әлі де шешімін таппаған мәселелер бар. Атап айтсақ, Тегіншах әулетінің Кабулда пайда болған уақыты мен олардың ұлты туралы сұрақтар шешімін таппады» (Джуманиязова, 2021: 142), – дейді.

Ламба – әуел баста және көп уақыт кәпір болған жұрт. Кейін ислам дінін қабылдап, өзгеріске ұшырай бастады. Бұл жайт Ламған топонимінің тұлғалық-семантикалық өзгерісінің уәжін, мәнін түсіну үшін қажет.

Б. Датта Лағман (санск. Lampraka) және Суат (санск. Soavastu) жерлерін мекендеген халықтың пашаи деп аталып жүргенін, алайда ауған генологиясына жатпайтын жазады. Бұл халық өз тілінде сөйлейді (Datta, 1939: 224). Исламға дейінгі Ауғанстанды зерттеуші Г. Даушвили Ламған жерін мекендеген пашаи этникалық қауымдастығының этногенезі жайлы дерек келтіреді. Дардтілді кәпір пашаи мен мұсылман ауған, түркі тайпалары арасындағы соғыс Ламған жерінде белсенді жүрді. Низами Арузи Самарқандидың мұсылман мен кәпір жұрты арасындағы қорғаныс тек тау ғана екенін және ламғандықтардың шапқыншылықтан зардап шегіп, үрейде өмір сүретіні жайлы айтуы да бұны көрсетеді. Ламғандықтардың бәрі тұтас бір дінді ұстанды деуге келмейді.

Әл-Утби жазбасында X ғасырдың аяғында Ламғандағы Әбу Мансұр Сәбуктегін бастаған ғазнауилердің ислам дінін қабылдағаны туралы дерек келтіріледі (al-Utbi, 1858: 39). Ғазнауилер – Хорасан, Ауғанстан, Хорезм, Бұхара, Гурган аумақтарын және Үндістанның солтүстік аймақтарына иелік етіп, 961-1186 жылдар аралығында билік құрған түркі әулеті (Bosworth, 1963: 4). Әлбетте, билеуші тап пен халықтың этносы әрқашан бірдей болмайтыны анық. Ежелгі заманда билеуші әулеттің басқа жерлерді бағындырып, өзге ұлтты халыққа өмір жүргізгені көп көзделді. Ламған аймағында өмір сүрген халықтың исламға дейінгі діні, наным-сенімі пұтқа табынуға негізделген

Г. Даушвили XVI ғасырдағы жағдайды келесідей сипаттайды: «Жәдидшіл мұсылман болып 1582 ж. соғыстан аман қалған лағмандық (лағмандық) кәпірлер декхан пашаилеріне айналды. Алишаң өлкесіндегі тілі жақын пашаи-мұсылмандарға қосылып, бұл таулы пашаилер өзінің туған үнді-арий тілін сақтап қалған мұсылман *пашаи* атты жаңа этносты құрды» (Даушвили, 2008: 263). Г. Даушвили сонымен бірге Ламғанның жарыспалы атауларын көрсетеді: «*Лампакадеш – Лампака* (санск.) елі – көне үнді әдебиетіндегі *Лагман* аймағының атауы. Сондай-ақ жергілікті батыс гандхарлық *Лампакади* мен қытайлық *Лампака* тұлғалары белгілі» (Даушвили, 2008: 264), – дейді. Э. Эйтел санскрит-қытай сөздігінде: «*Лампа* немесе *Лампака* – Лагман тауларындағы ел» (Eitel, 2004: 81), – деп көрсетеді.

Ауғанстанға XIX ғ. экспедиция жасаған А.Борнстың нәтижелерін ғылыми айналымға енгізген К. Риттер аталған аймаққа қатысты деректерді келтіру барысында «Бабырнама» мәтініне

сүйенеді. Ғалымның пікірінше, өлкенің атауы наным-сенімге негізделген, алайда шын мәнісінде Нұх пайғамбардың әкесі әулие Ламаның Ламганда жерленуі екіталай: «А. Борнске Кабул өзенінің солтүстік жағында одан жоғары, Жалалабадтың солтүстігінде Легман таулы ауданында тамаша ескерткіштер бар екені айтылды. Бұл тауда кемесімен бірге Лам-Мемуары (Құран ізбасарлары арасындағы үш ұлы пайғамбардың немесе әулиенің бірі; Нұх әкесі Ламех) жерлеген, қабірі бұл тау ішінде орналасқанына баса назар аударады. Ескі өсиет шежіресін Шығыс Үндістанға көшіру және оларды буддизмге тиесілі заттарға қатысты қолдану қаншалықты күлкілі болса да, біз бұл жерде ежелгі дәуірдің тамаша ескерткіші орналасуы мүмкін екеніне күмән келтірмейміз» (Риттер, 1867: 42). Осыған ұқсас пікірді А. Каннингемнің (Cunningham, 1871: 42-43), Дж. Маккриндлдің (McCrindle, 1927: 107) еңбектерінде кездестіреміз. Бабыр заманына дейін аймақ атауының Инжіл, Құран сюжеттеріндегі Ламак кейіпкерінің есімімен байланыстырылуы жайлы дерек анықталмаған. Сірә, көші-қон, ассимиляция, мәдени ара-қатынас, жаңа діннің қабылдануы әсерінен бұрынғы атау өзгертіліп атала бастады.

А. Каннингем С. Цзан мен К. Птолемейдің Ламғанға қатысты деректерін салыстыра отырып, келесідей қорытындыға жасайды: «Птолемей де *ламбат* деп аталатын халықты дәл сол мекенде өмір сүрді деп көрсетеді. Бұл терминді қазіргі Ламған атауымен салыстыра отырып, бұл атаудың бастапқы түрі санскриттік *Лампака* болған сияқты деуге болады. Сондықтан мен Птолемейдің *Ламбатае* сөзін *Ламбатагае* деп түзетіп, «л» әрпін «т» әрпімен аздап ауыстырар едім. Қазіргі атауы – еріндік элизиясы арқылы жасалған Лампаканың транскрипциясы. Шығыста кең таралғандай, орта дауыссыз дыбыстардың жай ретке келтірілуіне байланысты *Ламган* деп те атайды. Діншіл мұсылмандар бұл атау өз бастауын әулие Ламехтен алады, оның қабірі Ламғанда сақталған деп санайды. Мұны Бабыр мен Әбіл Фазл байқаған» (Cunningham, 1871: 42-43). Осындай пікірді Птолемей еңбектерін қарастырған Дж. Маккриндлдің «Көне Үндістан» еңбегінде де кездестіре аламыз (McCrindle, 1927: 107). Осындай фонетикалық өзгерістің басты себебі аталған аймақта мекен еткен халықтың наным-сенімін нығайту мақсатында сыртқы тұлғасы ұқсас діни антропониммен алмастыру болса керек.

Ламған тұрғындарының исламға дейін пұтқа табынғаны белгілі. 982 жылы жазылып болған

«Худуд әл-аламда» бұл аймақта пұтқа табыну үшін тұрғызылған бірнеше ғибадатхананың бар екені жазылады (Худуд-ал-Алам, 1936: 1). Әл-Утби жазбасында X ғасырдың аяғында Ламғандағы Әбу Мансүр Сәбуктегін бастаған ғазнауилердің ислам дінін қабылдағаны туралы дерек келтіріледі (al-Utbi, 1858: 39). Ислам қабылданғаннан кейін мұсылмандық идеологияның негізін бұл аймақта саяси, тілдік тұрғыдан бекіту, нығайту мақсатында бұрынғы атау өзгертілген не болмаса бейсаналы түрде тіл қолданушылар арасында бейімделген деп ойлаймыз. Бұл – халықтық этимология табиғатының көрінісі. Нақтырақ айтқанда, сөздің шығу төркінін, мағынасын түсіндіруде: халық танымына негізделеді; аңыздарға сүйенеді; сөздің мағыналық емес, сыртқы пішінінің (дыбысталуының) ұқсастығына мән беріледі; өзге тілдегі ұқсас сөздерге телінеді (тіл туыстығына мән берілмейді) т.б.

Көріп отырғанымыздай, Ламған атауы о баста Лама антропониміне емес, сол аймақты мекендеген ұлт атауына қатысты қойылған. «Бабырнамада» көрсетілген болжам халықтық сипатқа ие. Топонимнің дамуын келесідей көрсетуге болады: *ламба/ лампака* (және басқа да нұсқада) этнонимі – этнонимге негізделген *Лампака* топонимі; Ламған топонимі – Лама антропонимінің әсерінен танымдық өрісте этнонимнің антропонимге ауыстырылуы – антропонимге негізделген Ламған топонимі. Атау хинди тілінде «биік», санскрит тілінде «перпендикуляр» мағыналы *ламба* сөзімен байланысты болуы мүмкін, себебі Ламған – таулы аймақ. Дегенмен, аталған этнонимнің барлық нұсқаларын саралап зерттеу үшін бұдан да басқа дерек көздерге жүгіну қажет. Қолда бар мәлімет бойынша, қазіргі кезде тұтас ламба тайпасы жоқ. Өзінің басым тайпалық одақтарға қосылып, сіңісіп кетті.

Бұл мысалмен топонимдерді зерттеудің маңыздылығы айқындалады, себебі топонимдер ұлттың өзі тарих сахнасынан кетсе де, атауын сақтап қалуы мүмкін. Сонымен бірге бұл мысал арқылы топонимдерді түсінудегі, өзгертудегі діни, саяси идеологияның орны айқын көрінеді. Топоним осылайша ұлттық, тілдік, идеологиялық өзгерістердің көрсеткіші бола алады.

Қорытынды

Кез келген географиялық атау тарихтың белгілі бір кезеңінде қоғамдық қажеттілікке байланысты пайда болатыны белгілі, бірақ бұл қажеттілікті анықтайтын әлеуметтік, мәдени, рухани, тілдік факторларды табу қиынырақ. Себебі атау-

лар өзгеруі мүмкін, бұл өзгерістер әртүрлі кезеңде болуы мүмкін. Кейбір атаулар сан ғасырлар бойы өзгермей тұрақтылық танытса, кейбіреулерінің тұлғасы мен айтылуы уақыт өткен сайын белгілі бір дәрежеде өзгеріп, тіпті түсініксіз боп шығады. Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы, бастапқы семантикасының өзгеруі – тілге тән құбылыс.

Ламған / Лағман (~Ламган/ Лагман) – қазіргі Ауғанстан аймағында орналасқан жер атауы. Бұл өлкенің атауы көнеден бастау алады. Ескендір заманындағы атауы – *Лампака*. «Бабырнамада» топонимнің этимологиясы Нұх пайғамбардың әкесі әулие Ламаның бұл жерде жерленуіне қатысты аңызбен және оның есімінің өзгертіліп айтылуымен байланыстырылады. С. Қораев Лағман топонимі араб-парсы тілдеріндегі *лағм* «туннель», «көлденең жер асты жол» түбір сөзге көптік мәнді үстейтін *-ан* жұрнағанының жалғануы арқылы жасалған деп есептесе, У. Хэннинг көрсетуі бойынша, атау *lampra / lamba* атты тайпа атауына *-akān(a)* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Э. Грантовский этнонимге «қала», «мекен» мағыналы ирандық *kāna, kāni* топоформанты жалғанған деп топшылайды.

Әдеби шолу нәтижесінде аталған аймақта *ламба, лампака* және өзге де фонетикалық нұсқаларда кездесетін ұлттың не болмаса тайпаның өмір сүргені анықталған. Топоним *ламба, лампака* этнониміне қатысты аталғанға ұқсайды және керісінше – бұл ұлт өзі өмір сүрген мекеннің атымен тарихта аталуы болуы мүмкін. Бұл ұлт өз көршілерінен тілімен де, дүниетанымымен де ерекшеленген. Ламған этногенезі анықталмаған. Орта Азия немесе Шыңжаң аймағынан кел-

ген сақтар мен жергілікті үндітектес халықтың араласуынан пайда болған ұлт болуы мүмкін. Наным-сенімі пұтқа табынуға негізделген. Діни-саяси-әскери соғыста жеңіліс тауып, XVI ғ. мұсылман дінін қабылдайды да пашаиларға сіңеді. Мұсылмандарға жеңілгеннен кейін өңірдің атауы Ламғанға өзгертіліп, жаңа түсіндірмеге ие болды.

Осылайша, топоним мен ұлт арасында терең байланыс көрінеді. Топонимдер халықтың мәдениеті мен тарихын бейнелейтін айна іспеттес. Олардың атаулары халықтың өмір сүру салтына, тұрмысына, тіліне, діни сенімдеріне және дәстүрлеріне байланысты қалыптасады. Топонимдерді зерттеу арқылы біз халықтардың өмірін, тарихи және мәдени дамуын түсіндіретін мол мағлұматқа қол жеткіземіз. Сондықтан топонимдердің этимологиясын зерттеу – мәдени және тарихи мұраларымызды сақтауға және түсінуге зор үлес қосатын маңызды әрекет. Сонымен бірге қолданыстағы топонимдерді зерттеуге, мән-мағынасын насихаттауға, жаңа атау берудегі ұстанымдарды түзетуге шақырады. Топонимдердің пайда болуы мен дамуы халықтардың тарихымен тығыз байланысты болғандықтан, бұл зерттеулер тарихи шындықты қалпына келтіруде және ұлттардың мәдени мұрасын зерттеуде өзекті боп қала береді.

Мақала BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Hasanov H. Bobur sayyoh va tabiatshunos. – Toshkent: Ўzbekiston, 1983. – В. 62.
 Rasulov R. Bobur – Ўzbek tilining softligi uchun kurashuvchi // Ilmiy tўplam. – Samarqand, 2000. – В. 44.
 Нафасов Т. Бобур – номшунос // Бобур ва ўзбек миллий маданияти. Мақолалар тўплами. – Тошкент, 2000. – Б. 39
 Давурова Х.Х. Лексико-семантические особенности ойконимов Джизакской области // Российская тюркология – 2020. – №1-2 (26-27). – С. 47-60.
 Zahiruddin Muhammad Babur Mirza. The Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Turkish transcription, Persian edition and English translation by W.M. Thackston, Jr. – Cambridge, Ma: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. – 905 p.
 Henning, W.B. The Aramaic Inscription of Asoka found in Lampāka // Bulletin of the School of Oriental and African Studies. – 1949. – 13(01), 79. – P. 80-89.
 Грантовский Э. А. Из истории восточноиранских племен на границах Индии // Краткие сообщения Института народов Азии. – 1963. – Том 61. – С. 8-30.
 Қораев С. Узбекистон вилоятлари топонимлари. – Т.: Узбекистон миллий энциклопедияси, 2005. – 240 б.
 Jeong S. The Silk Road Encyclopedia. – Seoul: Seoul Selection, 2016. – 1120 p.
 Julien M. Summary Review of the Travels of Hiouen Thsang, from the Translation of the Si-yu-ki // Journal of the Royal Asiatic Society of Great Britain and Ireland. – 1860. – Vol. 17. – P. 106-137.

- Cunningham A. The ancient geography India. I. The Buddhist period, including the campaigns of Alexander, and the travels of Hwen-Thsang. – London: Trübner and Co, 1871. – 589 p.
- McCordle J.W. Ancient India as described by Ptolemy. – Kolkata: Baptist mission press, 1927. – 138 p.
- Babur, Emperor of Hindustan. The Baburnama: memoirs of Babur, prince and emperor. Translated, edited, and annotated by Wheeler M. Thackston. Introduction by Salman Rushdie. – New York: The Modern Library, 2002. – 561 p.
- Бируни А.Р. Книга тарих ал-Хинд. [Электронный ресурс]. – URL: https://www.vostlit.info/Texts/rus17/Biruni_3/vved.htm (Пайдаланылган күні: 11.10.2023)
- Низами Арузи Самарканди. «Собрание редкостей» («Четыре беседы»). – Москва: Издательство Восточной литературы, 1963. – 180 с.
- Dahiya B.S. Jats the Ancient Rulers (A clan study)/ Jat Clan in India. – New Delhi: Sterling Publishers Pvt Ltd, 1980. – 353 p.
- Tugania O.S. Jat Samuday ke Pramukh Adhar Bindu. – Agra: Jaupal Agencies, 2004. – 64 p. [Электронный ресурс]. – URL: https://www.jatland.com/home/Jat_History_Dalip_Singh_Ahlawat/Parishisht-I (Пайдаланылган күні: 11.10.2023)
- Птолемей К. География // Древний Восток в античной и раннехристианской традиции: (Индия, Китай, Юго-Восточная Азия) / Российская акад. наук, Ин-т всеобщ. истории, Московский гос. ун-т им. М. В. Ломоносова, Ин-т стран Азии и Африки; [подбор текстов, пер. с древнегреч. и латин., примеч. и аннот. указ. Г. А. Тароняна]. – Москва: Ладомир, 2007. – 638 с. [Электронный ресурс]. – URL: https://azbyka.ru/otechnik/Istorija_Tserkvi/drevnij-vostok-v-antichnoj-i-rannehristianskoj-traditsii-indija-kitaj-yugo-vostochnaja-azija/24 (Пайдаланылган күні: 11.10.2023)
- Khan A.J. Urdu-Hindi an artificial divide: African Heritage, Mesopotamian Roots, Indian Culture & British Colonialism. – Mishawaka: Algora Pub., 2006. – 400 p.
- Williams M. Sanskrit-English Dictionary. – Oxford: At the Clarendon Press, 1899. – 1375 p.
- Watters T. On Yuan Chwang's Travels in India, 629-645 A.D. – Royal Asiatic Society, 1904. – 401 p.
- Skrine H.F., Ross E.D. The Heart of Asia. A History of Russian Turkestan and the Central Asian Khanates from the Earliest Times. – Padstow: T.J.I. Digital, 2004. – 528 p.
- Chattopadhyaya S. The Sakas in India. – Santiniketan: Visva Bharati, 1955. – 126 p.
- Джуманиязова Ф. История Тохаристанских Ябгу и Тегиншахов Кабула. – Нур-Султан: Ғылым, 2021. – 240 с.
- Datta B.N. An enquiry into the racial elements in Beluchistan, Afghanistan, and the neighbouring areas of the Hindukush // A Quarterly Record of Anthropological Science with special Reference to India. – Ranchi: Man in India. – 1939. – Vol. 19. – P. 1-273.
- Даушвили Г.Д. К реконструкции доисламской культуры западных дардов пашаи восточный Гиндукуш (включая новые сведения о средневековом кафирском вооружении) // Вестник Санкт-Петербургского университета. Язык и литература. – 2008. – 4 (2). – С. 262-273.
- Abū al-Nasr 'Abd al-Jabbār al-'Utbī. The Kitab-i-Yamini : historical memoirs of the Amīr Sabaktagīn, and the Sultān Mahmūd of Ghazna, early conquerors of Hindustan, and founders of the Ghaznavide dynasty. – London: Oriental translation fund of Great Britain and Ireland, 1858. – 1022 p.
- Bosworth C.E. The Ghaznavids. Their Empire in Afghanistan and Eastern India, 994-1040. – New Delhi: Munchiram Manoharlal Publishers Pvt. Ltd., 1963. – 352 p.
- Eitel E.J. Handbook of Chinese Buddhism Being Sanskrit-Chinese Dictionary with Vocabularies of Buddhist Terms in Pali, Singhalese, Siamese, Burmese, Tibetan, Mongolian and Japanese. – New Delhi: Asian Educational Services, 1992. – 231 p.
- Риттер К. Землеведение. География стран Азии, находящихся в непосредственных сношениях с Россией. Кабулистан и Кафиристан. Перевод В.В. Григорьев. – Санкт-Петербург: Тип. В. Безобразова и К., 1867. – 1023 с.
- Худуд-ал-Алам. Перевод, предисловие и комментарии В.Ф. Минорского. – 1936. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.vostlit.info/Texts/rus4/Hudud/pred.htm> (Пайдаланылган күні: 11.10.2023)

References

- Abū al-Nasr 'Abd al-Jabbār al-'Utbī. (1858). The Kitab-i-Yamini : historical memoirs of the Amīr Sabaktagīn, and the Sultān Mahmūd of Ghazna, early conquerors of Hindustan, and founders of the Ghaznavide dynasty. London. Oriental translation fund of Great Britain and Ireland.
- Babur, Z.M. (1993). The Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Turkish transcription, Persian edition and English translation by W.M. Thackston, Jr. Cambridge, Ma: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University.
- Biruni, A.R. Kitab tarih al-Hind [Indian history book]. [Electronic resource]. – URL: https://www.vostlit.info/Texts/rus17/Biruni_3/vved.htm (Date is use: 11.10.2023) (in Russian)
- Bosworth, C.E. (1963). The Ghaznavids. Their Empire in Afghanistan and Eastern India, 994-1040. New Delhi. Munchiram Manoharlal Publishers Pvt. Ltd.
- Chattopadhyaya, S.(1955). The Sakas in India. Santiniketan. Visva Bharati.
- Cunningham, A. (1871). The ancient geography India. I. The Buddhist period, including the campaigns of Alexander, and the travels of Hwen-Thsang. London. Trübner and Co.
- Dahiya, B.S. (1980). Jats the Ancient Rulers (A clan study). Jat Clan in India. New Delhi. Sterling Publishers Pvt Ltd.
- Datta, B.N. (1939). An enquiry into the racial elements in Beluchistan, Afghanistan, and the neighbouring areas of the Hindukush // A Quarterly Record of Anthropological Science with special Reference to India. – Ranchi: Man in India. – Vol. 19. – P. 1-273.
- Daushvili, G.D. (2008). К реконструкци доисламской культуры западных дардов пашаи восточный Гиндукуш (включая новые сведения о средневековом кафирском вооружении) [Towards the reconstruction of the pre-Islamic culture of the Western Dards

of the Pashays of the Eastern Hindu Kush (including new information about medieval kafir weapons)] (Bulletin of St. Petersburg University. Language and literature, 4 (2), 262-273). (in Russian)

Davurova, H.H. (2020). Leksiko-semanticheskie osobennosti oikonimov Djizakskoi oblasti [Lexico-semantic features of oikonyms in Jizzakh region]. Rossiiskaya turkologiya, Vol. 1-2 (26-27), P. 47-60. (in Russian)

Dzhumaniyazova, F. Istoriya Toharistanskikh Yabgu i Teginshahov Kabula [History of Tokharistan Yabgu and Teginshakhov Kabul] (Nur-Sultan, Gylym, 240). (in Russian)

Eitel, E.J. (1992). Handbook of Chinese Buddhism Being Sanskrit-Chinese Dictionary with Vocabularies of Buddhist Terms in Pali, Singhalese, Siamese, Burmese, Tibetan, Mongolian and Japanese. New Delphi. Asian Educational Services.

Grantovskij, E. A. (1963). Iz istorii vostochnoiranskikh plemen na granicah Indii [From the history of East Iranian tribes on the borders of India] Kratkie soobshchenie Instituta narodov Azii [Brief communications of the Institute of Asian Peoples] Vol. 61, P.8-30. (in Russian)

Hasanov, H. (1983). Bobur sayyoh va tabiatshunos [Babur is a tourist and naturalist]. Toshkent, Ozbekiston. (in Uzbek)

Julien, M. (1860). Summary Review of the Travels of Hiouen Thsang, from the Translation of the Si-yu-ki // Journal of the Royal Asiatic Society of Great Britain and Ireland. – Vol. 17. – P. 106-137.

Khan, A.J. (2006). Urdu-Hindi an artificial divide: African Heritage, Mesopotamian Roots, Indian Culture & British Colonialism. Mishawaka. Algora Pub.

Nizami, Aruzi Samarkandi. «Sobranie redkostej» («Chetyre besedy») [“Collection of Rarities” (“Four Conversations”)] (Moscow, Publishing House of Eastern Literature, 180). (in Russian)

Ptolemej. (2007). Geografia. Drevnij Vostok v antichnoi i rannekhristsianskoi tradicii: (Indiya, Kitai, Yugo-Vostochnaya Aziya) [Geography. The Ancient East in the Antique and Early Christian Tradition: (India, China, Southeast Asia)]. Rossiiskaya akad. nauk, In-t vseobshch. istorii, Moskovskii gos. un-t im. M.V.Lomonosova, In-t stran Azii i Afriki [Russian Academy of Sciences, Institute of General History, Lomonosov Moscow State University, Institute of Asian and African Countries]. Moscow, Ladimir. (in Russian)

Qoraev, S. (2005). Uzbekiston viloyatlari toponimlari [Toponyms of regions of Uzbekistan] (Taskkent, National Encyclopedia of Uzbekistan, 240). (in Uzbek)

Henning, W.B. (1949). The Aramaic Inscription of Asoka found in Lampāka // Bulletin of the School of Oriental and African Studies. 13 (01), 79, P. 80-89.

Hudud-al-Alam (1936). [Limits of the world]. [Electronic resource]. – URL: <https://www.vostlit.info/Texts/rus4/Hudud/pred.htm> (Date of use: 11.10.2023) (in Russian)

Jeong, S. (2016). The Silk Road Encyclopedia. Seoul. Seoul Selection.

McCrintle, J.M. (1927). Ancient India as described by Ptolemy. Kolkata. Baptist mission press.

Nafasov, T. (2000). Bobur – nomshunos [Babur – anonymous]. Bobur va uzbek millii madaniati. Maqolalar tuplami [Beaver and Uzbek national culture. Collection of articles.]. Tashkent. (in Uzbek)

Rasulov, R. (2000). Bobur – ozbek tilining sofligi uchun kurashuvchi [Babur is a fighter for the purity of the Uzbek language]. Samarqand. (in Uzbek)

Ritter, K. (1867). Zemlevedenie. Geografiya stran Azii, nahodiyavshihsiya v neposredstvennyh snosheniyah s Rossiei. Kabulistan i Kafiristan [Geography. Geography of the countries of Asia, which are in direct relations with Russia. Kabulistan and Kafiristan]. Sankt-Peterburg. Tip. V.Bezobrazova i K. (in Russian)

Skrine, H.F., Ross, E.D. (2004). The Heart of Asia. A History of Russian Turkestan and the Central Asian Khanates from the Earliest Times. Padstow. T.J.I. Digital.

Thackston, W.M. (2002). Babur, Emperor of Hindustan. The Baburnama: memoirs of Babur, prince and emperor. Translated, edited, and annotated by Wheeler M. Thackston. Introduction by Salman Rushdie. New York. The Modern Library.

Tugania, O.S. (2004). Jat Samuday ke Pramukh Adhar Bindu [Major base points of Jat community]. Agra. Jaypal Agencies. (in Hindi)

Watters, T. (1904). On Yuan Chwang's Travels in India, 629-645 A.D. Royal Asiatic Society.

Williams, M. (1899). Sanskrit-English Dictionary. – Oxford: At the Clarendon Press.

Авторлар туралы мәлімет:

Кенжалин Қуанышбек Кәрімұлы (корреспондент автор) – PhD, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан, e-mail: kenkk@mail.ru);

Таңсықбай Әділет Қыдырбекұлы – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан, e-mail: adilet_2_97@mail.ru);

Құлжанова Бақытгүл Райханқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: bahit777@mail.ru).

*Келін түсті: 17 қаңтар 2024 ж.
Қабылданды: 29 мамыр 2024 ж.*